

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
МЕДЕУ АУДАНЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
2018 ж. "25" 07 өткізілді  
№ 13867-1910-06-АД(ШҚ) Жүзлік  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
25 07 2018 г.  
свидетельство № 13867-1910-06-АД(ШҚ)  
БСН/БИН 131740027330

«ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ-ның  
құрылтай жиналыс шешімімен  
(2018 жылдың 02 шілдедегі хаттама)  
БЕКІТІЛГЕН

# «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) акционерлік қоғамының Жарғысы

АРТҚЫ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ  
СМ. НА ОБОРОТЕ

Алматы қ., 2018

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Жарғы «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) акционерлік қоғамының (бұдан былай – Қоғам) атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібі мен органдарының құзыретін, қайта ұйымдастырылу, қызметін тоқтату шарттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған және оған қайшы келмейтін басқа ережелерді анықтайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ);
- 3) ағылшын тілінде: «ULMUS BESSHOKY» Joint Stock Company.

1.3. Қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ);
- 3) ағылшын тілінде: «ULMUS BESSHOKY» JSC.

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, Уәлиханов көшесінің қиылысы, 64/47 үй, 620-офис.

1.5. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## **2. Қоғамның заңды мәртебесі**

2.1. Қоғам Акционерлік қоғамға қайта құрылу жолымен «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған. Қоғам «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен, «02» шілде 2018 жылғы №26 хаттама, бекітілген тапсыру актісіне сәйкес «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады.

2.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы заңына (бұдан былай – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және Қоғамның басқа да құжаттарына сәйкес қызмет атқарады.

2.3. Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербес негізінде атқарылады.

2.4. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, соның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік тілде және орыс тілінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, тауар белгісі, үлгілері белгіленген тәртіпте бекітіліп, тіркелетін басқа да символикасы, сондай-ақ мемлекеттік тілде, орыс тілінде мөртаңбалары, фирмалық бланктері, басқа да деректемелері бар.

## **3. Қоғамның қызмет мақсаттары мен түрлері**

3.1. Қоғамның қызмет мақсаттары:

3.1.1. Қоғам акционерлері мен қызметкерлерінің әлеуметтік және экономикалық мүддесін іске асыру;

3.1.2. табыс табу және активтерін көбейту.

3.2. Алдына қойған мақсаттарын іске асыру үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін атқарады:

3.2.1. жер қойнауын пайдалану саласындағы операциялар, соның ішінде кенорындарын барлау, бағалау, қазу, пайдалы қазбалар өндіру және өңдеу;

3.2.2. кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және пайдалану;

3.2.3. қатты пайдалы қазбаларды өндіруді жобалау;

3.2.4. қатты пайдалы қазба кенорындарын қазуға жобалар мен технологиялық регламенттерді құрастыру;

3.2.5. қатты пайдалы қазба кенорындарын қазуға жобалардың техникалық-экономикалық негіздерін құрастыру;

3.2.6. қатты пайдалы қазбаларды өндіру;

3.2.7. ашық және жер асты әдістерімен қатты пайдалы қазба кенорындарын ашу және қазу;

3.2.8. пайдалы қазбалар өндіру үшін жарылыс жұмыстарын атқару;

- 3.2.9. кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары;
  - 3.2.10. кенорындарында технологиялық жұмыстар атқару;
  - 3.2.11. ұңғымаларды жер асты және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды демонтаждау; ұңғыма көтергіштерін орнату;
  - 3.2.12. ұңғыманы жөндеуден кейінгі сынақтар;
  - 3.2.13. ұңғымаларды шаю, цементтеу, сынап көру, игеру;
  - 3.2.14. басқа мемлекеттердің аумағында орындалған және Қазақстан Республикасына енгізілетін жер қойнауын пайдалану, мұнай-газ өңдеуші, мұнай-химиялық, химиялық өндірістер саласындағы жобалық және жоба-сметалық құжаттаманы сараптау;
  - 3.2.15. геология саласындағы дала және зертханалық зерттеулер жүргізу;
  - 3.2.16. геология, экология және геохимия саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
  - 3.2.17. пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және Қазақстан Республикасында, одан тыс жерге экспортқа тарату;
  - 3.2.18. өнеркәсіптік, қаптау, өңдеуші, электр техникалық жабдықтарды, станоктарды, қосалқы бөлшектерді сатып алу, монтаждау, жөндеу;
  - 3.2.19. металл құрылымдар мен өнеркәсіптік мәні бар тауарларды өндіру;
  - 3.2.20. жарнама, полиграфия, өкілдік, кеңес беру қызметтері;
  - 3.2.21. қара және түсті металл кесектерін жинау, өңдеу, тарату;
  - 3.2.22. делдалдық сауда және ақпараттық қызметтер ұсыну;
  - 3.2.23. үй-жайларды, жабдықтарды, техниканы, автомобиль техникасын жалға алу,
  - 3.2.24. техника сатып алу және сату;
  - 3.2.25. Экспорт-импорт операциялары;
  - 3.2.26. тұрғын және өндірістік-техникалық мәні бар ғимараттар мен имараттарды, басқа да жылжымайтын мүлік нысандарын, жер телімдерін жобалау, салу, сатып алу, сату;
  - 3.2.27. бірлескен кәсіпорындар мен өндірістер ұйымдастыру және құру;
  - 3.2.28. көтерме, бөлшек, комиссиялық сауда-саттық ұйымдастыру, сатып алу-сату, коммерциялық, делдалдық қызмет, тауар алмасу операциялары, жүк жіберушілер, кез келген тауарларды сату және сатып алу жөніндегі агенттер, мердігерлер, сауда агенттері қызметі;
  - 3.2.29. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет.
- 3.3. Қоғам қызметі осы Жарғыда қарастырылған түрлермен шектелмейді. Жарғылық қызмет шегінен шығатын, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелердің заңды күші бар деп саналады. Жоғарыда аталған қызметтердің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарылады.
- 3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте алынуға тиісті лицензияның немесе рұқсаттың басқа түрінің, біліктілік аттестатының (куәлігінің) болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияны немесе рұқсаттың басқа түрін, біліктілік аттестатын (куәлігін) алғаннан кейін атқарылады.

#### **4. Қоғамның құқықтары мен міндеттері**

- 4.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық құқықтарға ие және міндеттерді көтереді.
- 4.2. Қоғамның акционерлерінің мүлкінен бөлек мүлкі бар, ол акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам міндеттемелері бойынша мүлкі шегінде жауапкершілік көтереді.
- 4.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.4. Қоғам өз атынан мәмілелер жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иелене алады, сотта талап-арыз беруші немесе жауап беруші бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді атқара алады.
- 4.5. Қоғам қорғалатын құжаттарды, технологияларды, «ноу-хауды», басқа да ақпаратты сатып ала алады, оларды иеленуге және пайдалануға құқықтар бере алады.

4.6. Қоғам бағалы қағаздар шығара алады, оларды тарата алады, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып ала алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте туынды қаржы құралдары арқылы қаржы тәуекелдерін сақтандыра алады.

4.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға мүлік бере алады, олардың қызмет тәртібін анықтай алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамның балансында есепке алынады.

4.8. Қоғам өндірістік қызметін жоспарлаумен, қызметкерлерінің жалақысымен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, Қоғамның әлеуметтік дамуымен, кадрларды таңдауды, орналастыруды, дайындауды, қайта дайындауды, біліктілігін арттыруды ұйымдастырумен байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

4.9. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағындағы және шетелдегі банктерде және басқа қаржы ұйымдарында ұлттық валютада және шетел валютасында шоттар ашады.

4.10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие және басқа да міндеттерді көтереді.

## **5. Қоғамның мүлкі мен капиталы**

5.1. Қоғамның мүлкі келесілердің есебінен құралады:

- Қоғам акцияларының төлеміне акционер берген мүліктің;
- қызметінен алған кірістердің;
- Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа көздердің.

5.2. Қоғамның Жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды номиналды құны бойынша, ал инвесторлардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрініс табады.

5.3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарияланған акцияларды орналастыру арқылы Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайтуға жол беріледі.

## **6. Акционердің құқықтары мен міндеттері**

6.1. Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда өзіне тиесілі акцияларының құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

6.2. Қоғам акционері құқылы:

- 1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;  
1-1) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, осы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғам тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайызына дербес немесе басқа акционерлермен бірге ие болған жағдайда Заңмен қарастырылған жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген залалын өтеу және

Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған табысын (кірісін) қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда Заңмен белгіленген тәртіпте акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) акционерлердің жалпы жиналысының осы Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы;

12) Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заң актілерінде анықталған басқа құқықтарға.

6.3. Сондай-ақ ірі акционер құқылы:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

5) Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заң актілерінде анықталған басқа құқықтарға.

6.4. Қоғам акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғам тіркеушісі мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

6.5. Акционердің Жарғының 6.4 тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен тіркеушісі жауапты болмайды.

## **7. Қоғамның акциялары мен басқа бағалы қағаздары**

7.1. Қоғам құжатсыз нысанда жай акциялар шығаруға құқылы.

7.2. Қоғам шығарылу, орналастырылу, айналу және өтеу талаптары мен тәртібі бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7.3. Жай акция Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) қарастыруына енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) тиісті шешімінің негізінде дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

7.4. Қоғам жарияланған акцияларын орналастырғысы келсе, сондай-ақ ертеректе сатып алған акцияларын таратқысы келсе, осы туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде акционерлеріне жазбаша хабарлама арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (тарату) туралы шешім қабылдаған Қоғам органы белгілеген орналастыру (тарату) бағасы бойынша бағалы қағаздарын сатып алуға ұсынуға міндетті.

- 7.5. Қоғам акционерлерінің Қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібі уәкілетті органмен белгіленеді.
- 7.6. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімі бойынша іске асырылады.
- 7.7. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның акциялары жарияланған акцияларының саны шегінде орналастырылады.
- 7.8. Қоғам шығарылымды мемлекеттік тіркегеннен кейін акцияларын орналастыруға құқылы.
- 7.9. Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін. Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.
- 7.10. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім біткенге дейін Қоғам акционерлері жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.
- 7.11. Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесін Қоғамның және аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиісті Қоғам тіркеушісі ғана құрастырады, жүргізеді және сақтайды.
- 7.12. Қоғам «алтын акция» шығарылымын қарастырмайды.

## **8. Таза кірісті бөлу. Акциялар бойынша дивидендтер**

- 8.1. Қоғамның таза табысы (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша салықтарды, бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғам өкімдігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімімен анықталған тәртіпте, соның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.
- 8.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.
- 8.3. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.
- 8.4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімі бойынша жыл қорытындылары бойынша төленеді.
- 8.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) мына не басқа кезеңге Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 8.6. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 8.7. Келесі жағдайларда дивидендтер есептеуге жол берілмейді:
- 1) меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
  - 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.

8.8. Дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған кезден бастап тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционердің қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне өзі туралы қажетті мәліметтердің енгізілгенін растайтын құжатпен бірге қоғамға өтініш жасаған кезден бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

## **9. Қоғам органдары**

9.1. Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (Қоғамның барлық дауыс беруші акциялары бір акционерге тиесілі болса, осы акционер);
- 2) басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Президент.

## **10. Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) ерекше құзыреті**

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді, Қоғам мен лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлерінің шағымдары және оларды қарастыру нәтижелері туралы мәселе қарастырылады.

10.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуіне тиіс. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;
- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

21) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

22) шешім қабылдау Заңда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.5. Жарғының 10.4 тармағының 1)-4), 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

10.6. Заңда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

10.7. Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы баптың 10.4.-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.9. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

10.10. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

1) атқарушы орган;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;



4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

10.12. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

10.13. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

10.14. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

10.15. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс. Баспа басылымдары, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы қосымша хабар таратуға жол беріледі.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірілмей берілуге тиіс және осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

10.19. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.20. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және

жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды.

10.24. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.27. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

10.28. Келесі жағдайларды есептемегенде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді.

10.29. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы (жалғыз акционердің шешімі) жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10.30. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру қорытындылары (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс «Юридическая газета»-да жарияланады жиналыс жабылғаннан кейін 15 (он бес) күні ішінде жасалып.

10.31. Қоғамның дауыс беруші акцияларының барлығы бір акционерге тиесілі болса, Акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Заңмен және Қоғам Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер осы акционермен жеке дара қабылданады және жазбаша рәсімделуі керек.

## **11. Директорлар кеңесі**

11.1. Заңда және Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Заңда өзгеше белгіленбесе, мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын, даму стратегиясын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) «Акционерлік қоғам туралы» Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
- 12) аудиторлық ұйымның қаржы есептілігі аудиті үшін қызмет төлем мөлшерін, сондай-ақ бағалаушының Қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу мен аукцион өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Қоғамның сатып алуы (сатуы туралы) шешім қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) «Акционерлік қоғам туралы» Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес жасалуы туралы шешім қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Заңда және осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.3. Тізімі осы Жарғының 11.2 тармағында белгіленген мәселелерді Қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

11.4. Жарғыға сәйкес Қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.5. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) деңгейінде ықтимал мүдде дауларын, соның ішінде мүдделілік бар мәмілелер жасағанда Қоғам меншігінің заңға қайшы және қиянатпен пайдаланылмауын қадағалап, мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауға тиіс.

11.6. Маңызды мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу үшін Қоғамда келесі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақы;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер.

Қоғамның ішкі құжаттарымен басқа мәселелер бойынша Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылуы қарастырылуы мүмкін.

11.7. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан құралады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар осы Жарғының 11.6 тармағында аталған Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болады. Қоғам Президенті Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылу және жұмыс тәртібі, сондай-ақ сандық тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

11.8. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.9. Қоғам Президенті Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды.

11.10. Директорлар кеңесіне мүше болуға үміткерлер мен Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін тиімді орындау үшін, акционерлер мен Қоғам мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, іскерлік және салалық ортада оң жетістіктер мен мінсіз беделге ие болуы керек.

11.11. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болуға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.12. Келесідей адам Директорлар кеңесіне мүше бола алмайды:

1) заң актілерімен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе кешірілмеген сотты болуы;

